

Ақмола облысы білім басқармасының Қосшы қаласы бойынша білім бөлімі «Тайтөбе ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ



КГУ «Общеобразовательная школа села Тайтөбе отдела образования по городу Косшы управления образования Акмолинской области»

010022, Қосшы қ, Тайтөбе ауылы,  
Кенесары хан көшесі, 15 үй  
E-mail: [19tajtobe\\_mektep@mail.ru](mailto:19tajtobe_mektep@mail.ru)

010022 г. Косшы, с. Тайтөбе,  
ул. Кенесары хана, 15 дом  
E-mail: [19tajtobe\\_mektep@mail.ru](mailto:19tajtobe_mektep@mail.ru)

16.09.2024 ж.

**БҰЙРЫҚ № 112/1**

**«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы»  
жұмысын ұйымдастыру,  
қызметін жүзеге асыру туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңестің 2024 жылғы 4 қыркүйектегі №28 хаттамасының 2.4 тармағын, «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын, облыстық және қалалық білім басқармасының бұйрығын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024-2025 оқу жылында мектепте «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» (әрі қарай Орталық) жұмысы ұйымдастырылсын.
2. Төмендегі функционалды міндеттермен қоса мектептің ішкі тәртібі бекітілсін:
  - 2.1 Орталық қызметіне басшылық жасау және бақылау мектеп директорына жүктелсін;
  - 2.2 Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына:
    - ата-аналар, білім алушылар мен педагогтердің мониторингке қатысуын қамтамасыз ету;
    - Орталық аясында өтетін сабақтардың кестесін жасап, бекіту.
    - Орталық қызметі туралы ақпаратты жоғары уәкілетті органдарға уақытылы жеткізу жүктелсін.
  - 2.3 Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына:
    - Орталық қызметін ұйымдастыруда оқу кабинеттерін педагогтерге бекіту, ата-аналармен сабақ өтуі үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, техникалық қызметкерлердің жауапкершілігін күшейту, сабақ өтуі барысында санитарлық-гигиеналық талаптар мен мектепке бөгде адамдардың кірмеуін қамтамасыз ету жүктелсін;
- 3 Орталық жұмысы мектептің тәрбие жоспарына «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» қызметі негізінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі» жаңа бағыты енгізілсін.

4 Орталық қызметін мектепшілік бақылауға алу, мектепшілік бақылау жоспарының бөліміне, тармағына өзгерістер енгізу мектеп директорының оқу ісі жөнінегі орынбасарларына жүктелсін.

5 Орталық жұмысы аясында «Даналық мектебі» клубының жұмысы ұйымдастырылсын.

7. Орталықтың жұмысының мақсаты мен міндеттері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу, ата-аналардың қатысуын қамтамасыз ету, ата-аналар жиналыстарында Орталық жұмысының тәжірибесімен таныстыру сынып жетекшілерге, Орталықтың жұмыс тобына жүктелсін.

8. Орталық қызметі туралы БАҚ мен әлеуметтік желілерде, мектеп сайтында жариялансын, бірлескен табысты тәжірибе таратылып, Орталық қызметіне мектептің өзін-өзі басқару ұйымы, қоғамдық ұйымдар мен мектептің Қамқоршылық кеңесі, әлеуметтік серіктестер мен демеушілер тартылсын.

9. Мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжым ата-аналардың облыстық, республикалық форумында тәжірибе таратуға және Орталық қызметінің нәтижелігін арттыру бойынша жұмыстарға белсене қатыссын.

10. Балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналарымен қарым-қатынасын күшейту, отбасы құндылықтарын дәріптеу, сондай-ақ берекелі, позитивті отбасы мәдениетін дамыту, 1-9-сынып оқушыларының құқықбұзушылыққа итермелейтін қылықтардан аулақ болуға бағыт-бағдар беру, алдын алу мақсатындағы жұмыстарды жүргізу, жан-жақты қолдау көрсету үшін ата-аналар, педагогтер, қамқоршылық кеңес мүшелері және елді мекендегі ардагерлердің қатысуымен төмендегі құрамда «Даналық мектебі» құрылсын.

| № | Толық аты-жөні  | Қызметі                                     | мәртебесі |
|---|---|---|-----------|
| 1 | Каепов А.М<br>Жақыбаева Г.Н                               | Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары | төрайымы  |
| 2 | Арингазина Д.Д<br>Кемелова А.Б                            | Психолог                                    | орынбасар |
| 3 | Жасуланов Ғалымжан<br>Ахметов Рустем<br>Шаймұратұлы Арман | Ұлдар кеңесінің жетекшісі                   | мүшесі    |
| 4 | Досмағамбетов М.Ш<br>Абикаев А.А<br>Арингазин Д.К         | «Асқар тау» әкелер кеңесінің төрағасы       | мүшесі    |
| 5 | Сұлтанова М.С<br>Дүкенбаева Б.К<br>Байзакова К            | «Парасат» аналар мектебінің төрайымы        | мүшесі    |
| 6 | Ахметова К.Г<br>Самбетова Ф<br>Бекетанова Н               | «Қарлығаш» қыздар ұйымының жетекшісі        | мүшесі    |
| 7 | Спанова М.А   | Қамқоршылық кеңес төрағасы                  | мүшесі    |
| 8 | Қуандық Ж   | Ата-аналар комитетінің мүшесі               | мүшесі    |

Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.

Мектеп директоры:  Г.С. Алиева

